

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.І, Ч.4. - Б.161-164

## **ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІМЕН МАҢЫЗЫ**

*Султанбаева К.А.,  
Жунусов Р.М.*

Еліміздің нарықты экономикалық қатынастарға өтуі халық шаруашылығында және адамдардың қызмет ету саласында тұтыну және оны қанағаттандыру мүмкіншіліктеріне сәйкестендіру әрбір заңды немесе жеке тұлғаның негізгі мақсаты мен әрекеті және оған деген ұмтылу күнделікті қалыптасқан ұдайы өндірістің бір көрінісі болып табылады. Сондықтан да диплом жұмысының негізгі мақсаты кәсіпорындарда қаржылық есептің мәнін ашу, есеп беруді жасау және кәсіпорынды басқаруда бухгалтерлік баланстың ролін анықтау мен оның қаржылық жағдайына баға беру болып табылады.

Қоғамда әрқандай өндірістің ұдайы өндірілуі үшін өз кезегінде өндірістік запастардың көлеміне тікелей байланысты болады. Ол өз кезегінде жұмыс күші мен еңбек құрал жабдықтарын пайдалану дәрежесіне байланысты болса, ол өнімді өндіру мен оны реализация ету тікелей тұтыну рыногына байланысты болады. Нарықты жағдайда рыногтың тойымдылығын қанағаттандыру дәрежесі өз кезегінде тұтынушылардың сатып алу қабілеттілігіне тікелей байланысты болады. Осындай өзара байланыс қаржылық есеп жүргізу мен бухгалтерлік балансты қажет етеді.

Қаржылық есеп беру- бұл кәсіпорынның есепті кезеңдегі қаржы-шаруашылық қызметін кешенді түрде сипаттайтын барлық көрсеткіштер жүйесі болып табылады. Есеп беру кәсіпорын мүліктерінің жалпы құнын, өтімді құралдарының, материалдық айналым құралдарының құнын, кәсіпорынның меншікті қаражаттарының, қарыз қаражаттарының мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қаржылық есеп берудің мақсаты- пайдаланушыларды есептік кезеңдегі қызметінің нәтижесі мен қаржылық жағдайы туралы пайдалы және сенімді ақпараттармен қамтамасыз ету болып табылады.

Қаржылық есеп беруді пайдаланушылар кәсіпорынның қызметі туралы әртүрлі мәліметтерді қажет етеді, мысалға:

- инвесторлар – жасаған инвестицияның тәуекелділік дәрежесі олардың алатын табысына қаншалықты пара – пар келетіндігін анықтау үшін; кәсіпорынға салған инвестициясын сатудың немесе оған сәйкес активтерін сатып алудың немесе өз үлесін сақтаудың қажеттілігін анықтау үшін;

кәсіпорынның келешектегі күтілетін дивидендтерді төлеу қабілеттілігін анықтау үшін қажет ақпараттарды талап етеді;

- кредиторлар – алған қарызын және төленетін пайызын өтеу қабілеттілігін анықтау үшін қажет ақпараттарды талап етеді;

- жабдықтаушылар – кредиторлық қарызды дер кезінде өтей алатын қабілетін тексеру үшін қажет ақпараттарды талап етеді.

- сатып алушы – кәсіпорын қандай кезеңде өз қызметін жалғастыра алатындығы жөніндегі ақпараттарға мүдделі болып келеді;

- қызметкерлер – кәсіпорынның тұрақты әрі рентабельді болғанына мүдделі, өйткені олар, өзінің еңбек ақысын және басқа жеңілдіктері мен төлемін алады, ал акционерлер – тұрақты түрде дивиденд алып тұруын көздейді;

- мемлекеттік органдар – кәсіпорынның тұрақты әрі рентабельді жұмыс істегеніне мүдделі, өйткені олар солардың көмегімен экономикалық саясатты (салық шараларын қоса алғанда) жүзеге асырады, сондай – ақ статистикалық мәліметтерді жинайды;

- жұртшылық – жұмыс орнын табу мақсатында қажетті ақпараттарды жинауға мүдделі болып келеді.

Кәсіпорынның қаржылық есеп беруін әртүрлі пайдаланушылардың әртүрлі мүдде бойынша пайдалануы кәсіпорынның сол жалпы талапқа сай келуі үшін оның қызметіне капиталдың жеткілікті болғаны абзал. Сондықтан олардың негізгі талабы (басқа жағдайлары бірдей болғанда) кәсіпорыннан алған меншік капиталы мен басқа инвестициясы туралы ақпараттар оларды қанағаттандыруы тиіс.

Қаржылық есеп беру өзара байланысты, өйткені ондағы шаруашылықтың бір ғана операциясы әртүрлі фактімен көрініс табады. Әрбір есеп беру әртүрлі ақпаратты береді, ал оны сол немесе басқаша күйінде шаруашылық жүргізуші субъект пайдаланылады.

Қаржылық есеп пайдаланушылар үшін айқын, түсінікті болуы және барлық мәнді ақпараттарды алуы тиіс. Қажет болған кезде түсініктеме хаттамасында басптардың жіктемесі мен ақша қаражаттары туралы қосымша мәліметтер арқылы олардың мазмұнын түсіндіру керек.

Қаржылық есеп беруге қойылатын талаптар: кәсіпорын қызметінің нәтижесін анық және объективті көрсету, көрсеткіштердің қарапайымдылығы мен түсініктілігі, деректердің шынайылығы, жинақтамалы және талдамалы есеп деректердің сәйкестігі, есептік көрсеткіштердің жоспарлы көрсеткіштермен салыстырмалылығы, әдістемелік және басқа да ережелердің сақталуы болып табылады. Бұл ереже барлық пайдаланушылардың мүддесіне ортақ әрі сай келетін ақпарат болып саналады. Жалпы алғанда, пайдаланушылар келесі ақпараттарға мүдделі болып келеді.

1 – кесте. Қаржылық есептілікті пайдаланушылар

Есеп берудің мәліметтері	Пайдалылығы
Экономикалық ресурстары (активтер құрылымы)	Кәсіпорынның табыс алу қабілетін бағалау және болашақта болатын ақша қаражаты
Қаржылық құрылымы (кәсіпорынның қарызы мен меншік капиталының ара қатынасы)	Қарыз қаражатының келешекке қажеттілігін бағалау және болашақта алынатын пайда мен ақша қаражатын мүдделі тараптардың арасына тарату; кәсіпорынның сырттан инвестицияны тартудың потенциалдық икемділігін бағалау.
Өтімділік пен төлем қабілеттілігінің коэффициенті	Өз міндеттемесіне жауап беретін кәсіпорынның ұзақ және қысқа мерзімді қарыздарын төлеу қабілеттілігін бағалау
Рентабельділік пен іскерлік белсенділігінің коэффициенті	Кәсіпорынның ресурстарды пайдалану тиімділігін бағалау
Қаржылық жағдайының өзгеруі	Қаржылық, инвестициялық, оперативтік қызметінің нәтижесінде кәсіпорынның алған ақша ағынын бағалау; кәсіпорынның келешектегі ақша қаражатына қажеттілігін бағалау.

Есеп беруге қойылатын ең басты талап оның тазалығы, яғни түсініктілігі болып табылады. Қаржылық есеп беру белгіленген мәліметтердің мерзімінде жасалғаны жөн. Кәсіпорынның есеп беруі бухгалтерлік, статистикалық және жедел болып бөлінеді. Жедел – статистикалық есеп беру кәсіпорынның өндірістік және қаржылық қызметінің жекелеген жақтарын бухгалтерлік және жедел - статистикалық есепке алудың деректері бойынша жасалады. Бухгалтерлік есеп беру кәсіпорынның өндірістік және қаржылық қызметін бастапқы құжаттармен және есепке алу жазбаларымен расталып, жинақталған деректерден жасалады.

Балансты және басқа да берілген есептерді уақытында, әрі сапалы жасау үшін бухгалтерия өндірістік бөлімшелердегі барлық мәліметтердің құжатталуын, белгіленген материалдық және басқа есептерін толық көлемде

берілуін қамтамасыз ету керек. Есеп беру жөніндегі жұмыстарды мүлтіксіз ұйымдастыру ісінде есепші қызметкерлердің міндеттерін өзара дұрыс бөлудің және есеп жұмыстарының кестесін белгілеудің маңызы зор. Берілетін есеп тиісті жиынтық құжаттарында, саралау парақтарында және белгіленген көлемдерде есептік тізімдемесінде жинақталады. Аталған деректердің негізінде талдау жасалынады.

Жасалған баланстық және басқа берілетін есептердің көрсеткіштерінің дәлдігін қамтамасыз ету үшін арифметикалық және логикалық тұрғыдан мұқият тексеру керек. Баланстың сабақтастығын есепті кезеңнің басындағы баланс баптарының деректерін ағымдағы кезеңнің осы баптағы деректерімен салыстырып, жыл соңындағы көрсеткіштердің әрбір жолы анықталады.

Жылдық есептің меншік иелерінде (қатысушыларында, құрылтайшыларында) немесе құрылтай құжаттарында көрсетілген мәліметтері бойынша тиісті органдарға: салық инспекциясына (кәсіпорынның тұрған жері бойынша); жергілікті қаржы органына, мемлекеттік статистика органдарына есеп береді. Тараптары бар кәсіпорындар өздерінің бухгалтерлік есептерін берумен қатар, жалпы белгіленген тәртіпке біріккен (жиынтық) есебін де береді.

Кәсіпорындар (бұған шетелдіктердің қатысы бар кәсіпорындар да енгізіледі), егер Қазақстан Республикасының заңдарында басқадай ерекшеліктері ескерілмеген болса, онда жылдық бухгалтерлік есепті есепті жылдан кейінгі келесі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей береді. Бухгалтерлік есеп берудің нақты күнін көрсетілген мерзімдердің шегінде салық органдарының келісімдері бойынша кәсіпорынның иелері (қатысушылары, құрылтайшылары) белгілейді.

Есеп беру күні болып бір қаладағы кәсіпорындар үшін оның барлық қажетті ақпараттарын нақты берген күні есептеледі, ал басқа қаладағы кәсіпорын үшін почта арқылы жіберілген күні есептеледі.

Шаруашылық жүргізуші субъектінің құрамында Қазақстан Республикасының аймағында және онан тысқары жерлерде тұратын еншілес немесе тәуелді серіктестері бар болса, өзінің қаржылық есеп беруімен қоса, шоғырландырған есеп беруді жасайды, яғни бірнеше заңды тұлғаның есеп беруін біріктіреді.

Шоғырландырылған есеп берудің құрамына: шоғырландырылған бухгалтерлік баланс, шоғырландырылған қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп беру, шоғырландырылған ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беруі және түсініктеме жазбасы кіреді.

Бірнеше заңды тұлғалардың есеп беруінен бір ғана қаржылық есеп беруді жасау үшін ішкі есеп, бағалы қағаздар, меншік капиталдар және т.б. мәліметтердің негізінде түзетулер жасалады. Түзету жазбалары шоғырландырылған қаржылық есеп берудің дайындау барысы оның жұмысшы кестесінде жасалынады және ол бас кәсіпорынның бухгалтерлік есебінде де, еншілес заңды тұлғада да көрсетілмейді.

Біртұтас кәсіпорынның қаржылық ақпарат ретінде ұсынуы үшін төмендегілер жасалуы тиіс:

1. бас кәсіпорынның әрбір кәсіпорынға салған инвестицияларының баланстық құны және бас кәсіпорынға тиесті әрбір еншілес кәсіпорынның капиталының бөлігі есепке алынбайды.

2. есепті кезеңдегі біріктірілген еншілес кәсіпорындардың таза пайдасындағы аздық үлес бас кәсіпорынның иелеріне тиісті таза пайдадағы соманы көрсету үшін есептейді және қолданылады.

3. біріктірілген еншілес кәсіпорындардың таза активіндегі аздық үлес есептеледі және біріктірілген баланста бас кәсіпорынның акционерлерінің міндеттемелерінен бөлек көрсетіледі

Қазақстандық бухгалтерлік есеп стандарттары мен ХБЕС арасындағы барабар ұғымының сәйкес келмейтін жақтарын нарықтық экономиканың заңдылығына сай бір бағытқа бағыттау үшін мынадай шаралар негізін жүзеге асыру керек: қаржылық, басқарушылық және салық есебін гармониялық үйлесімге келтіру және есептің бұл түрлеріне тән нормативтік актілер мен әдіснамалық ұсыныстар енгізіп, елімізде қолданылып келе жатқан «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық қорытынды жөніндегі Заң» қазақ тілінде дұрыс аудармаға сай етіліп, қайта қаралғаны жөн; өнеркәсібі дамыған елдердің және шетелдік ірі компаниялар мен фирмалардың қазақстандық шикізат өндіруінен мол пайдаға ие болушылық мақсатын заңдастыру арқылы шектеп отыру; өзін-өзі реттейтін бухгалтерлік есепке тән Қазақстандық қоғамдық ұйымдардың беделін заңды түрде көтеріп, «бухгалтер» кәсібіне тән кәсіби білімі мен этикалық тәртібі төмен кездейсоқ тұлғаларды бухгалтерлік есеп қызметіне жақындатпау; бухгалтерлік есепке алудың өзіне тән міндеттерді тиімді орындауы үшін қаржылық есепке алу кәсібилік, айқындылық, тәуелсіздік, өзектілік, стандарттылық сияқты талаптарға жауап беруі, сондай-ақ бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру принциптеріне және негізгі сапалық сипаттамаларға сай болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылдан бастап Қазақстан Республикасының облыстары мен өңірлерінде ұйымдардың қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес жасау мәселелері бойынша әр түрлі жұмыстар өткізуде. Алайда, Қазақстандағы бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін дамытудағы кейбір жетістіктерге қарамастан, мыналардан: ХҚЕС-тің кешенділігі мен әдістемелік күрделілігіне байланысты шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін қолданылмайтындықтан, ХҚЕС-тің осы санаттарға қолданылу қиындығынан; бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беруді реттеуге, сондай-ақ бухгалтер мен аудитор мамандықтарын дамытуға кәсіби қоғамдық бірлестіктер қатысуының жеткіліксіздігінен; ХҚЕС-ті қолдану жөніндегі ақпараттық-әдістемелік материалдардың (оқулықтардың, кітаптардың) жоқтығынан; бухгалтерлер мен аудиторлардың біраз бөлігінің кәсіби дайындығы деңгейінің төмендігінен, сондай-ақ ХҚЕС бойынша дайындалған ақпаратты пайдаланудағы дағдының жеткіліксіздігінен; кадрларды қайта даярлаудың ретке келтірілген жүйесінің жоқтығынан; шаруашылық

жүргізуші субъектілердің бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп берудің ХҚЕС белгілеген көптеген принциптеріне және талаптарына немқұрайды қараудан көрінетін кейбір мәселелер бар екендігінде атап кеткен жөн болар.

### Әдебиеттер тізімі

1.«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 Заңы;

2.Финансовый учет-1. Учебное пособие с практическими заданиями, разработанные по программе САР на основе международных стандартов финансовой отчетности, Алматы 2010 ж.

3. Байболтаева Н.Ә. Бухгалтерлік есеп принциптері оқулық-ҚазҰАУ, Алматы. – 2006 ж.

4. Назарова В.Л. Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бухгалтерлік есебі Бухгалтерлік есептің принциптері. Алматы: Экономика. – 2015 ж.

5. Научные публикации в международных научных изданиях Thomson Reuters. Title: The impact of financial constraints on accounting conservatism. Author(s): Josй Elias Feres de Almeida and Patricia Maria Bortolon